

Хлебодаровка ЖОББМ КММ
«Қамқоршылық кеңесінің» отырысы
ХАТТАМА №2

Күні: 24.09.2023ж

Қатысқандар:25

Күн тәртібінде

1. Мектептің материалдық –техникалық жағдайы. Пед кадрмен қамтылуы және штат бірліктері
2. Бастауыш класс оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы

1-мәселе бойынша мектеп директоры А.М.Жарекин мектебіміз бойынша 2021-2022 оқу жылында 154 компьютер келді. 2022-2023 оқу жылында мектебімізге су жаңа тасымал көлігі келді, мектеп оқушылары тұрақсыз ау –райы кезінде мектеп автобусымен қатынайды. Мектеп бойынша 70 кабинеттің 28 кабинет 310 жаңа парта және 620 орындықпен жаңартылды,сонымен қатар химия,биология, кабинеттері жаңа 30 парта 60орындығымен сенсорлық тақтамен жабдықталды. 2023-2024 оқу жылында мектеп спорт залы және асхана толық дайын. Және кітапханамыз бойынша 680 жаңа оқулық ,275 көркем әдебиеттік кітаптар келді. Оқырман саны жыл сайын артып келеді. 2023-2024 оқу жылында физика кабинеті толықтай жабдықталады. Педагог кадрлар саны жеткілікті. Мектебімізде 105 мұғалім жұмыс жасайды. 7 магистр, 75 жоғары білімді, 23 арнаулы орта білімді , 18педагог зерттеуші, 21педагог сарапшы, 32 мадератор, 1 категориялы-4 мұғалім, 2 категориялы-4 мұғалім, 26 санатсыз, 2020 жылдан бері 16 жас маман ақшалай жәрдемақы алды. 12 жас маман үй алды.

Штаттық қызметкерлер қосымша білім педагогы туризм саласы бойынша жұмыс атқарып жатыр. Мектебімізде екі тілде екі психолог маманы және екі әлеумттік педагог,бір ұйымдастырушы, бір көркемдік жетекші, бір аға тәлімгер спорт нұсқаушы, бір дефектолог және бір логопед бар. Спорт саласы бойынша 12 спорт секция бар. Көркемдік жетекші хор үйірмесі ,домбыра үйірмесі бар Логопед кабинеті 2022-2023 оқу жылында жабдықталды.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.А Имангазина 2023-2024 оқу жылынын қыркүйек айынан бастап жалпыға бірдей оқу қорынан отбасылар аудандық жұмыспен қамту бөлімінің тұрмыстық –материалдық жағдайын зерттеу бөлімшесінен анықтама әкеліп , отбасы жағдайларын нақтылап , құжаттары өткізілді. Қазіргі таңда 81 оқушы әлеуметтік жағдайына байланысты және 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Кеңес отырысында бір ауыздан мақұлдап, бұйрық шығарылды.

Қаулы

- 1.Әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасының балалары жалпыға бірдей оқу қорынан ыстық тамақпен қамтылуы қадағалансын.
2. Мектептің материалдық базасы қанағаттанарлық дәрежеде қамтылған және робото техникалық кабинетін жабдықтау , спорт жабдықтарын жаңадан толықтыру қолға алынсын.